

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

6. Сабыров Н.Б. - Роль социальных сетей в цифровизации социальных отношений. Вестник экспертного совета, № 1 (28), 2022, С 82-86.
7. Шваб К. Четвертая промышленная революция. М.: Эксмо, 2016. 138 с
8. Шарков Ф.И. Социальные сети как основа формирования пространства публичных коммуникаций. Communicology. 2019. Vol.7. No.4. С. 32-40
9. Giddens A. (1991). Modernity and Self-identity: Self and Society in the Late Modern Age. Stanford, CA: Stanford University Press
10. Kazakov M.Y., Kuttyrev V.A. (2013). The Internet as a public network sphere. Modern problems of science and education. No. 3. P.449-454

ӨОЖ 159.9

НИКОТИННІҢ СТУДЕНТТЕРДІҢ КОГНИТИВТІ ҚЫЗМЕТІНЕ ӘСЕРІ

Асамбаева З.М., Әнтай А.Р.

zarinassamm@gmail.com , ant.aikarakozz2004@gmail.com

Л.Н. Гумилев ЕҰУ, «6В03103- Психология» мамандығының 2 курс студенттері,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші - Мандыкаева А.Р.

Денсаулық – бұл әр адамның және бүкіл қоғамның баға жетпес байлығы. Жастардың денсаулығы – мемлекеттің күші! Ұлы ойшыл Сократқа кезінде мынадай сұрақ қойыпты: «Адамға өмірде не қымбат, байлық па, даңқ па?». Сонда Сократ: «Байлық та, атақ та, даңқ та адамды шын бақытты ете алмайды. Дені сау кедей ауру патшадан бақыттырақ», – деп жауап берген екен. Яғни, адам бақытты болу үшін оған денсаулық керек. Республика күніне орай Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы жастарға арналған жолдауында - "Болашақта біздің еліміз қандай болатыны өскелең ұрпаққа байланысты. Сондықтан Мен әрқашан жастарымыз патриоттық, білімді, еңбекқор, үнемшіл, әділ, дене шынықтырумен, спортпен белсенді айналысатын болуы керек деп айтамын. Жеке адамның жақсы қасиеттері бүкіл ұлттың сапасына айналуы үшін біз осы құндылықтарды бар күшімізбен ілгерілетуіміз керек", - деп Президент атап кеткен еді [1].

Никотинді құрылғылар, вейп, темекі қазіргі кезде тек ересек адамдар арасында емес, жасөспірімдер, студенттер арасында көп таралғанын күнделікті өмірде байқай аламыз. Никотинді аддикцияға шалдығатын жастардың мөлшерін азайту мақсатында, никотин адамның когнитивті функцияларына қалай әсер ететіндігі туралы зерттеу жасалынды.

Зерттеу жұмысының мақсаты: никотин аддикциясы жастардың, әсіресе студенттердің (18-24жас) арасында қатты таралған. Осы аддикцияның түрі адамның когнитивті қызметіне қалай әсер ететіндігін анықтау. Зерттеу жұмысының басты объектісі никотин аддикциясы бар адамдар мен осы аддикцияға ешқашан шалдықпаған адамдардың когнитивті функцияларын бақылау арқылы, никотинді аддикция адамның зейініне мен есте сақтау қабілетіне әсер ететінін анықтау.

Кілт сөздер: Никотинді аддикция, когнитивті функция, процесс, зейін, есте сақтау.

Никотинді аддикция қазіргі уақытта кең таралған проблемалардың бірі, сондықтан, ең алдымен, оның физиологиялық және когнитивті қызметке әсер етеді:

Никотин ағзаға темекі шегу, шайнау, сору, иіскеу немесе булану сияқты әртүрлі қолдану тәсілдері арқылы әсер етеді. Бұл процесс қызықты және әртүрлі факторларға негізделген. Ол жүрек-қан тамыр жүйесіне қатты әсер етеді, қан тамырларының тарылуына, жүрек соғысының жоғарылауына және қан қысымының жоғарылауына әкеледі, және ол онкология мен созылмалы аурулардың даму қаупін арттырады. Никотин ацетилхолин рецепторларына әсер етеді, оларды төмен концентрацияда ынталандырады және адреналиннің бөлінуін тудырады, бұл жүрек соғуының жоғарылауына, қысымның жоғарылауына және қандағы глюкоза деңгейінің жоғарылауына әкеледі. Никотиннің жоғары дозаларында

ацетилхолин рецепторлары бітеліп, никотиннің уыттылығын тудырады және оны тиімді инсектицидке айналдырады [2].


Есте сақтау, түсіну (гноз), сөйлеу, іс-әрекеттерді орындау қабілеті(праксис) және интеллект сияқты когнитивті функциялар жас ұрпаққа әлемді ұтымды түсінуге және ересек өмірге енуге көмектесетін күрделі ми процестері болып табылады. Бұл функциялар жалпы мидың жұмысына байланысты болғандықтан, олардың бұзылуы әртүрлі себептерге байланысты болуы мүмкін, соның ішінде темекі шегу кезінде никотинмен улану. Кейбір зерттеушілердің айтуы бойынша НА (Никотинді аддикция) жас кезінде атқарушы функциялардың және жоғары жүйке қызметінің нашарлануына алып келеді. Ұзақ темекі шегу қартайған кезде деменцияның даму ықтималдығын едәуір арттырады. Ұзақ мерзімді зерттеулер темекі шегушілердің Альцгеймер және деменцияның басқа түрлерімен ауыру қаупі едәуір жоғары екенін көрсетті. Темекі шегу мидың көлеміне де әсер етеді [3], [4].




1 сурет

Темекі шегу адам ағзасына, соның ішінде жүрек-қан тамырлары жүйесіне және әртүрлі жас топтарындағы когнитивті функциялардың (КФ) күйіне теріс әсер етеді. Жасөспірімдер, студенттер арасында темекі шегу қазіргі таңда өзекті мәселелерінің бірі. Никотинді аддикцияның КФ-ға әсерін анықтау мақсатында, зерттеу жұмысына 10 студент қатысты. Зерттеу Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің психология лабораториясында жүргізілді. Студенттерге "Тәуелділік мінез-құлық деңгейін анықтауға арналған сауалнама" (Н.Н. Телепова), есте сақтау қабілетін зерттейтін 10 сөздік Лурия тесті, зейін мен есте сақтау қабілетін анықтайтын «фигураларды тану» (Федотова Ю.Ю, Чернобай А.Д) [5] әдістемелерін қолдандық.

Сауалнама нәтижелері бойынша 5 студент никотинді аддикцияға(келесіде НА) ешқашан шалдықпағанын және 10 студенттің екеуінде НА бастапқы кезеңі, 3 студентте НА қарқынды дамып жатқаны туралы интерпритация жасалынды.





2 сурет

Федотова Ю.Ю., Чернобай А.Д «Фигураларды тану» методикасының интерпритация бойынша «1» санына ең жақын көрсеткіштер адамның зейін шоғырлану мен есте сақтау қабілетінің жетілгенін білдіреді. Студенттердің нәтижелері туралы айтатын болсақ, НА бар студенттерде көрсеткіш орташа шамамен 3,176 көрсетсе, НА жоқ студенттерде осы көрсеткіш 1,508 құрады.

Лурияның 10 сөздік тестінің нәтижелері (мүмкіндіктер саны көрсеткіш ретінде алынды)

1 кесте

НА жоқ	НА бар
3	2
4	3
4	3
6	5
5	4

Яғни, НА жоқ студенттер 10 сөзді жаттап алу үшін орташа есеппен 4,4 мүмкіндік қолданса, НА бар студенттер 3,4 мүмкіндік қолданды.

Студенттерге Лурия тесті методика ұсынылғанда НА бар мен НА жоқ оқушыларда когнитивті функцияларында айырмашылық байқалынды. 1 кестеде олардың КФ функциялары мен ЖЖ (жүйке жүйесі) параметрлері арқылы интерпритация жасалынды. Алайда, студенттер қолданылған мүмкіндіктері арқылы интерпритация жасасақ, НА бар студенттерде, есте сақтау қабілеті НА жоқ студенттерге қарағанда әлдеқайда жоғары.

Алайда, А.В. Суханов, Д.В. Денисова, П.И. Пилипенко, В.В. Гафаров жасаған зерттеу жұмысында, темекі шегетін және темекі шекпейтін жасөспірімдерге Лурия тестін жасаған. Нәтижелері бойынша, НА бар жасөспірімдер НА жоқ құрбыларына қарағанда есте сақтау қабілеті төмен болғанын айта аламыз [6].

Ю.Ю. Федотова, А.Д. Чернобай «Фигураларды тану» әдістемесі арқылы біз студенттердің зейін шоғырлану қабілетін ғана емес, олардың есте сақтау қабілетін де зерттедік. Тест нәтижелері бойынша НА жоқ студенттерде зейін, есте сақтау қалыпты жағдайда, ал НА бар студенттердің көрсеткіші олардың зейіні мен есте сақтауы, ЖЖ тозуы байқалады.

Қорытынды келе, жүргізілген екі әдістеме бойынша НА бар адамдардың КФ төмендеуі байқалынды. Зейін шоғырлану мен қабылдау танымдық процесстері НА бар адамдарда төмен болғанымен, есте сақтау қабілеті НА жоқ студенттерге қарағанда жоғары болды. Никотин біздің тек қана өкпемізге емес, миымызға, жүйке жүйемізге, қантамырларымызға қатты әсер етеді және никотинді құрылғыларды қолданатын студенттердің КФ зерттеу арқылы осы тезісті дәлелдедік.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Президент Токаев обратился к молодежи.
(https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/prezident-tokaev-obratilsya-k-molodeji-514538/)
2. История и практика применения никотина. (Покровская Т.И, Еремина И.М., Галич И.И., Анушян С.Г.) Евразийский Союз Ученых 2019 г.
3. Табакокурение и состояние когнитивных функций у подростков: популяционное исследование (А.В. Суханов, Д.В. Денисова, П.И. Пилипенко, В.В. Гафаров «Комплексные проблемы сердечно-сосудистых заболеваний» 2022 г.
4. Сколько в Казахстане курильщиков – статистика
(https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/skolko-v-kazahstane-kurilshchikov-statistika-514241/)
5. Методики диагностики свойств восприятия, внимания и памяти (Чернобай А.Д., Федотова А.Д). МГУ им Г.И. Невельского 2005 г.
6. Диагностический портфель для определения склонности к аддиктивному поведению (Региональный центр «Развитие» Тульской области) 2019 г.

ӘОЖ 159.9

НЕЙРОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАУДЫҢ ТЕОРЕТИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ПРАКТИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Асыланбекова Нұрдана Асыланбекқызы

nurdaw2004@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «6В03103- Психология» мамандығының 3 курс студенті,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Мандыкаева Алмагүл Рамазанқызы

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Психология кафедрасының доценті

Нейролингвистикалық бағдарламалану қазіргі таңда кеңінен қолданылатын психотерапиялық бағыттардың бірі болып табылады. Көптеген тұлғалық мәселерді тиімді шешуге бағытталған. НЛБ көмегімен жеңіл, жедел түрде фобия және т.б бұзылыстарды емдеуге болады. Нейролингвистикалық бағдарламалау – адамдардың субъективті тәжірибесінің құрылымын, олардың психикалық және мінез-құлық стратегияларын, сәтті стратегияларды модельдеу және оқытуды зерттейтін білімнің тәуелсіз саласы [1].

НЛБ сөзі 3 бөліктен тұрады олар: нейро - ойлау немесе сенсорлық қабылдауға - жүйке жүйесінде болатын және адамның мінез-құлқының қалыптасуында маңызды рөл атқаратын процестерге, сондай-ақ қабылдау сферасындағы неврологиялық процестерге - көру, есту, дәм, иіс, тактильді сезімдерге қатынасы туралы айтады. Лингвистикалық – бізді адамдар арасындағы өзара түсіністікке қол жеткізуде маңызды рөл атқаратын, шын мәнінде, барлық коммуникациялық процестер негізделетін тілдік модельдерге жатқызады. Шындығында, тілмен байланыссыз саналы ойлауды елестету қиын - біз қаншалықты жиі өзімізбен сөйлесеміз, өзімізге кеңес береміз, бір нәрсе үшін өзімізді ұрысамыз. Бағдарламалау біздің ойымызды, соның ішінде сезімдеріміз бен сенімімізді, түпкілікті мақсаттарымызға жету үшін ұйымдастыру тәсілін білдіреді - дәл солай, біз компьютерді тиісті бағдарламалық құралдың көмегімен белгілі бір мәселелерді шешу үшін қолданамыз. Осы үш сөздің қосындысы НЛБ мағынасын түпкілікті көрсетеді [2].

НЛБ жиырма жылдан астам уақыт бұрын АҚШ-тың Санта-Круз университетінде пайда болды. Оның негізін қалаушылар сол кездегі лингвистика кафедрасының ассистенті Джон Гриндер және психотерапияға қызығушылық танытқан психология және математика студенті Ричард Бэндлер болды. Өз зерттеулерінде Гриндер мен Бэндлер сол уақытқа дейін халықаралық мойындалған үш психотерапевттің қызметін «үлгілеуге» тырысты. Олар дарынды психотерапевт, гештальт-терапияның негізін қалаушы Фриц Перлс, тұлғааралық қарым-қатынастар саласындағы шешілмейтін сияқты көрінетін проблемаларды түсіне білген отбасылық терапия саласындағы ірі маман Вирджиния Сатир және әлемге әйгілі